

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 8-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ел болам десең . . .

Грамматикалық тақырып: Терминдер, тұрақты тіркестер

Термин (лат. terminus-шек, шекара) – ғылым, техника, өнер, экономика, қаржы және тағы басқа саланың белгілі бір ұғымының атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі. Терминдердің басқа сөздерден айырмашылығы, олар бір мағыналы және қысқа болады, көбіне дара мағыналы болады. Термин қатарында белгілі бір ғылым, техника, экономика, қаржы саласында ғана жұмсалып, сол саланың мамандарына ғана түсінікті сөздер көп кездеседі.

Терминология – белгілі бір білім саласында қолданылатын терминдердің жиынтығы, кез келген тілде кәсіби қызметпен тығыз байланысты. Адам қызметінің белгілі бір саласында жұмыс істейтін маман терминологияны меңгермей, өз мүмкіндіктерін толыққанды іске асыра алмайды. Терминологиялық лексика екі топқа бөлінеді: тарсалалық және жалпы ғылыми терминдер.

Термин сөздердің басты белгісі – тура мағыналы сөз болуы.

Қазақ тілінде терминдер екі жолмен жасалады:

1) Қазақ тіліне орыс тілінен енген терминдер:

Лингвистика: синоним, термин, фонетика т.б.

Математика: квадрат, куб, коэффициент т.б.

География: карта, глобус, масштаб т.б.

Экономика: банк, биржа, капитал, валюта т.б.

Химия: аммиак, кальций, озон, натрий т.б.

Спорт: футбол, раунд, бокс, баскетбол т.б.

2) Кірме сөздің орнына қазақша сөзді қолдану, оның 2 түрі бар:

а) жергілікті және көне сөздер арқылы: кеден (таможня), нарық, (рынок), жарғы (устав) т.б.;

ә) тілдегі бар сөздерді біріктіру арқылы: мұражай (музей), әуежай (аэропорт), төлқұжат (паспорт).

Тарсалалық терминдер жекелеген ғылым шеңберінде ғана кездеседі: математика, физика, химия, информатика және т. б.. Тарсалалық терминдер көбінесе мамандарға ғана белгілі.

Жалпы ғылыми терминдер ғылымның әртүрлі салаларында кездеседі, олар барлық адамдарға түсінікті. Термин тек бір терминологияның құрамына кіруі мүмкін және де әр түрлі терминологияларға, мысалы, операция — медицинада, қаржы саласында, әскери істе; ассимиляция — биологияда, этнографияда, лингвистикада кіруі мүмкін.

Жазылым.

1-тапсырма. Тарсалалық, жалпы ғылыми терминдерге бірнеше сөйлемдер жазыңыз.

Тұрақты тіркестер. Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуі арқылы жасалатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға келмейтін, бәрі тұтасып бір мағынаға ие болатын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын тіркестер – **тұрақты тіркестер – фразеологизм** деп аталады. Мысалы, *Екі иығына екі кісі мінгендей* деген тұрақты сөз тіркесі денелі, тұлғалы, иықты деген бір ғана мағынаны білдірсе, *Аяғы аяғына жұқпады* тұрақты тіркесі **шапшаң, тез жүрді** деген ұғымда қолданылып тұр. Тұрақты сөз тіркестері мен еркін сөз тіркестерінің өзіне тән айырмашылығы болады:

Бір-біріне антоним болатын тұрақты сөз тіркестер:

Бетінен оты шықты (ұялды) – Беті бүлк етпеді (ұялмады).

Ажары сынды (мұңайды) – Қуанышы қойнына сыймады (қуанды).

Қолы қолына жұқпады (тез қимылдады) – Саусағының ұшын қимылдатпады (қозғалмады, еш нәрсе істемеді).

Бір-біріне синоним болатын тұрақты сөз тіркестер:

Үріп ауызға салғандай; қыздың жиған жүгіндей – сұлу, әдемі, көрікті, келбетті, әсем, т.б.

Ит өлген жер; ит арқасы қиянда – алыс, қашық, шалғай;

Ит терісін басына қаптады; жерден алып, жерге салды – ұрысты, сөкті, балағаттады.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтелдер де тұрақталған, қалыптасқан сөздер тобы болып саналады. Мақал-мәтелдердегі сөздердің де орнын басқа сөздермен алмастыруға келмейді. Бірге айтылғанымен, мақал мен мәтелдің бір-бірінен өзіндік ерекшелігі, айырмашылығы болады:

1. Мақалдың мазмұнында істің себебі мен салдары бірге айтылып, шарты мен нәтижесі қатар беріледі.

Мысалы, (Егер) **ісім өнсің десен**, (онда) **еңбек ет**.

Ал мәтелде істің салдары айтылып, себебі айтылмайды. Мысалы, **Сабыр түбі – сары алтын**.

2. Мақал құрылысы жағынан көбіне құрмалас сөйлем болып келеді. Мысалы, **Еңбек етпесең, елге өкпелеме; егін екпесең, жерге өкпелеме**.

Ал мәтел құрылысы жағынан көбінесе жай сөйлемге құрылады. Мысалы, **Көп түкірсе – көл. Басқа пәле тілден. т.б.**

2-тапсырма. Тұрақты тіркестерді қатыстырып бірнеше сөйлемдер жазыңыз.

Тұрақты тіркестер: Ағама жеңгем сай, апама жездем сай – мінез-қылығы үйлес

Ағынан жарылды – ештеңені жасырмады, бар сырын ақтарды

Ажал оғы атылды – өлді, мерт болды

Ажары кірді – көріктенді

Азуы алты қарыс – қаһарлы

Айдарынан жел еседі – асқақтап дәурен сүру

Айды аспанға шығарды – аты шықты, таң қалдырды

Айдың күні аманда – аман-есенде, тыныштықта
Аймандай қылды – әшкереленді, ұятты болды
Айна қатесі жоқ – дәл, түп-тура
Айтаққа ерді – өсек-аяңға ерді
Айтқан сөз құлағынан ағып кетті – түсінбеді
Айы оңынан туды – жолы болды
Айызы қанды – көңілі жай тапты, құмары қанды
Айылын жимау – жасқанбау, сескенбеу
Ақ ауыз қылды – алдап кетті
Ақ жарқын – ашық көңілді
Ақ киізге көтерді – хан сайлады
Ақ саусақ – жалқау
Әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ – бассыздық, тәртіпсіздік
Әңгімесі жарасу – ортақ тіл табысу
Әпер бақан – шаш ал десе, бас алатын адам
Базары тарқады – дәурені өтті

8-сабақ аяқталды.